

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Мойынқұм ауданының
білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы» МКҚК**

**«Жаңа жылдық шыршаны безендіру және
қауіпсіздігін ұйымдастыру»**

Шаруашылық меңгерушісі: Ж.Сейсебекова

Биназар ауылы 2022-2023 оқу жылы

Жаңа жылдық шыршаны безендіру және қауіпсіздігін ұйымдастыру

Жаңа жылдық мерекелер - балалар мен ересектер үшін тамаша уақыт. Әр үйде әдемі шырша орнатылып, безендірілген. Бұл күндер бақытсыздыққа ұшырамауы үшін өрт қауіпсіздігі шараларын сақтауға ерекше назар аудару қажет, олар өте қарапайым.

- Шырша жылыту құралдарынан алыс тұрақты тұғырға орнатылады.
- Шыршаны жарықтандыру үшін тек зауытта шығарылған жарамды электр гирляндаларын пайдалану қажет.

Тыйым салынады:

- шыршаны шамдармен, мақтамен, қағаздан және целлулоидтен жасалған ойыншықтармен безендіру;
- дәкеден, мақтадан, қағаздан және картоннан жасалған маскарад костюмдерін кию;
- шыршада және оның жанында шырақтар, бенгал шамдарын жағу, шартылдақтарды пайдалану.

Шыршаларды орнату кезінде келесі негізгі талаптарды ескеру қажет:

- шыршаларды орнатуға және жаңа жылдық іс-шараларды өткізуге екінші қабаттан жоғары емес үй-жайда рұқсат етіледі, одан тікелей сыртқа кемінде 2 эвакуациялық шығу жолы болуы тиіс; шырша орнықты негізде бұтақтар қабырғалар мен төбеге тимейтіндей етіп орнатылуы тиіс;

Шыршада кернеуі 12 В дейінгі шамдарды жүйелі түрде қосатын зауытта жасалған электр гирляндаларын ғана қолдануға болады, шамдардың қуаты 25 Вт аспауы тиіс. Үй-жайда электр жарығы болмаған жағдайда шыршаның жанындағы іс-шаралар тәуліктің жарық уақытында ғана жүргізілуі тиіс.

Жаңа жылдық шыршаны өткізу кезінде тыйым салынады:

- балаларды тез жанатын материалдардан жасалған костюмдерге кию;
 - отты, бояу және басқа да өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу;
 - үй-жайларды қараңғылау үшін терезелердегі жапқыштарды пайдалану;
 - орындықтар қатарлары арасындағы өту жолдарының енін азайту және өту жолдарында қосымша орындар орнату;
 - спектакльдер мен қойылымдар кезінде үй-жайдағы жарықты толық сөндіру.
- Пиротехникалық бұйымдарды қолдануға үзілді-кесілді тыйым салынады!
- Мереке қайғылы жағдайға айналмауы үшін жаңа жылдық шыршаны ұйымдастыру және өткізу кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын қатаң сақтау қажет.

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕЛЕР КЕЗІНДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Эвакуациялау жолдарында
шыршаны орналастыруға
тыйым салынады

ВЫХОД



Электр гирляндларының
сертификаты болуы тиіс



Шыршаны безендіру кезінде
мақтаны, майшамдарды, қағазды
қолдануға тыйым салынады



Шырша бекем тіреуіште
тұруы қажет



Шыршаны жылыту аспаптарының
жанында орнатуға тыйым салынады



- * Балаларды қараусыз қалдырма
- * Үй-жайларда ашық отты
қолданбаңыз
- * Электр желісін аса көп жүктеме
- * Мереке күндері қырағылықты
жоғалтпаңыз